

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Заң факультеті
Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы

«Криминалистика» пәнінің
СИЛЛАБУСЫ

4курс, қ.б., 7 семестр, көктемгі, кредит саны 3

БЕКІТІЛДІ

Факультеттің Ғылыми-әдістемелік кеңесінің мәжілісінде

хаттама №1 _____ 2012 ж.

Факультет деканы

з.ғ.д., профессор _____

Д.Л. Байдельдинов

« ____ » _____ 2012 ж.

Дәріс сабақтарын з.ғ.к. Атаханова Г.М., e-mail: atakan73, 417 аудитория

Лабораториялық сабақтарын: з.ғ.к. Тапалова Р.Б., аға оқытушы Даубасова С.Ш., оқытушы Арын А. жүргізеді.

Пәннің пререквизиттары: криминалистика курсын толық меңгеру үшін алдындағы оқытылатын пәндерді білу қажет: қылмыстық құқық, қылмыстық істер жүргізу құқығы, криминология, құқық қорғау органдары. Криминалистика қылмыстарды ашу мен тергеу барысында осы ғылым мәліметтерін жүзеге асыру ережелеріне үйретеді.

Пәннің постреквизиттері: криминалистика сот сараптамасы, сот медицинасы, сот психиатриясы пәндерін оқып үйренуге жәрдемдеседі. Кәсіби дағдының қалыптасуы көрсетілген пәндер кешенін оқып үйренбей мүмкін емес..

Курстың сипаттамасы: криминалистика 2 курста оқытылады. Ол қылмыстық-құқықтық циклінің негізгі мамандырылған пәні болып табылады. Бұл пән дәлелдемелер мен қолдың, аяқтың, көлік, бұзу құралдарының және өзге де іздермен жұмыс жасауда ғылыми-техникалық құрал-жабдықтарды қолдануда кәсіби дағдыға баулиды, тергеу әрекеттерін (оқиға болған жерді қарау, жауап алу, тергеу эксперименті және т.б.) жүргізудің тактикалық тәсілдеріне, дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалау әдістеріне үйретеді, қылмыстың жасалу заңдылықтары туралы білім береді және жекеленген қылмыс түрін (кісі өлтіру, ұрлық, тонау, шабуыл жасап тонау, жалған банкроттық және т.б.) тергеу бағдарламасын оқып үйретеді. Бағдарламаның мақсаты: криминалистика пәнін оқып-үйрену қылмыстың салдары бойынша қылмыскердің жеке басы мен әрекет ету сипатын анықтауға, криминалистік ақпараттарды дұрыс пайдалана білуге, сондай-ақ, криминалистік әдіс-тәсілдерді білуге қылмыстың ізін суытпай ашып, оны дұрыс тіркеп, жекелеген заттай дәлелдемелерді тиімді түрде зерттеуге бағытталған. Қылмыстың жекелеген түрлерін тергеу жөніндегі тактикалық әдістер мен методикалық ұсыныстарды игеру қылмыстың дер кезінде ашылып, тергеу сапасын арттыруға мүмкіндік жасайды.

Қылмыстық статистиканың мәліметтерінен көрініп отырғанындай, соңғы жылдары елімізде қылмыстың өршуі, оның ішінде аса қауіпті қылмыстардың жасалу санының одан әрі өсуі байқалады. Бұл құқық қорғау, оның ішінде тергеу және жедел-ізвестіру органдарының жұмыстарын одан әрі жетілдіруді, олардың қазіргі заманғы криминалистік тәсілдер мен әдістерді іскерлікпен пайдалануын, қылмыстың алдын алу, оның болуына себеп болған жағдайларды дер кезінде жою үшін арнайы шаралар қолдануын талап етеді.

Құқық қорғау органдарының криминалистикалық тәсілдерді біліп, оларды шебер пайдалануы осы органдардың қылмысқа қарсы күрес жұмыстарының іскерлігін және нәтижелілігін арттырады. Криминалистика тергеу практикасын талдап қорыту арқылы қылмысты ашуға бейімді тәсілдерді, қолданатын техникалық құрал-саймандарды тергеу қызметкерлеріне дайындап береді, тергеу әрекеттерінің нәтижелілігін арттыратын тактикалық әдістерді, жеке қылмыстарды сапалы тергеуге бағытталған методикалық нұсқауларды тергеу орындарына ұсынады.

Пән курсының мақсаты мен міндеттері:

студенттердің криминалистика пәні бойынша алған білімдерін тәжірибеде тиімді пайдалануға үйретуге бағытталған, бұл құқық қорғау органы қызметкерлерінің кәсіптік дайындығының көрсеткіші болып табылатындығы. Криминалистика сабағында қылмыстылықпен күресуде тәжірибелік дағданың қалыптасуымен қатар, қылмысты алдын алу, соның ішінде ұйымдасқан топпен жасалатын қылмыстардың профилактикалық шаралары туралы мағлұмат алады. Тергеуші, прокурор, сот, сарапшы, адвокат кәсіби қызметін криминалистикалық білімсіз жүзеге асыра алмайды.

Курстың құрылымы:

№	Тақырыптардың атауы	Апта бойынша бөлу							
		лекция		семинар		СӨЖ		СОӨЖ	
		апта	сағ. саны	апта	сағ. саны	апта	сағ. саны	апта	сағ. саны
1	Криминалистиканың теориялық және методологиялық негіздері (проблемалық мәселелер бойынша)	1	1						
2	Криминалистикалық идентификация мен диагностика	1	0,5					3	6
3	Криминалистік техника және криминалистік фотосурет			1-2	4	3	3		
4	Трасология	2	1	3	2	4	3		
5	Криминалистік баллистика	3	1	4	2	5	3	5	6
6	Құжаттарды криминалистік зерттеу	4	1	5	2	6	3		
7	Криминалистік габитология	5	0,5	6	2	7	3		
8	Криминалистік есепке алу	5	0,5	7	2	7	3		
9	Криминалистік техниканың дәстүрлі емес бағыттары	6						7	6
10	Криминалистикалық тактиканың негіздері (проблемалық мәселелер бойынша)	6	1					9	7
11	Тергеу қарауының тактикасы	7	1	8	2	9	3		

12	Тінту және алу тактикасы	8	1	9	2	10	3		
13	Жауап алу және беттестіру тактикасы	9	1	10	2	11	3		
14	Тергеу экспериментінің тактикасы	10	0,5	11	2	12	3		
15	Тану үшін көрсету тергеу әрекетінің тактикасы	11	0,5	12	2	13	3		
16	Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау тергеу әрекетінің тактикасы	12							
17	Салыстырмалы үлгілерді алу							11	6
18	Қылмыстың жекеленген түрлерін тергеу әдістемесі	12	0,5			14	3		
19	Қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы (проблемалық мәселелер бойынша)	13	0,5						
20	Жеке тұлғаларға қарсы қылмыстарды тергеу	13	1	13	2				
21	Меншікке қарсы қылмыстарды тергеу	14	1	14	2				
22	Қорқытып алушылық қылмыстарын тергеу	15	1	15	1				
23	Алаяқ қылмыстарын тергеу	15	1	15	1				
24	Криминалистикалық болжаулар және тергеуді жоспарлау							13	7
25	Есірткі мен психотропты заттардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстарды тергеу.					14	3		
26	Ұйымдасқан қылмыстық қызметті тергеу ерекшеліктері					15	3		
27	Тергеуге қарсылық көрсету, оларды жою жолдары					15	3		
28	Экологиялық қылмыстарды тергеу							15	7
	Барлығы	15	15	15	30	15	45	15	45

Ұсынылғын әдебиеттер тізімі
Нормативтік- құқықтық актілер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 30 тамыз 1995 жылы қабылданды. - Алматы, 1995.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. Жалпы сипаттама (Қазақ ССР ҚІЖК-мен салыстырмалы түрде). - Алматы: Баспа, 1998.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. - Алматы: Баспа, 2000.
4. Қазақстан Республикасының Жедел-іздігіру қызметі туралы заңы. - Алматы: Юрист, 1994.
5. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. - Алматы: Юрист, 2001г.

Негізгі әдебиеттер:

1. Жәкішев Е.Г., Исаев А.А., Найманова Г.Х., Тапалова Р.Б., Темирболат Н.С. Криминалистика. Жеті-жарғы, 2006
2. Аверьянова Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г., Россинская Е.Р. Криминалистика: Учеб. для вузов / Под ред Р.С. Белкина. М.: НОРМА, 2000.
3. Криминалистика. Учеб.для вузов по спец."Правоведение"
4. /[В.Н.Герасимов, В.Я.Колдин, В.В.Крылов и др.]; Под ред.Н.П.Яблоков.- М.: БЕК, 1997.
5. Криминалистика. Учеб. для вузов / Т.В.Аверьянов, Р.С.Белкин, Ю.Г.Корухов, Е.Р.Россинская; Под ред.Р.С.Белкина.- М.: НОРМА-ИНФРА, 2000.
6. Криминалистика. Учеб. / [Т. С. Волчецкая, В. Я. Колдин, В. В. Крылов и др.]; МГУ им. М. В. Ломоносова, Юрид. фак.; Под ред. Н. П. Яблокова.- Изд. 2-е, перераб. и доп.- М.: Юристъ, 2000.
7. Криминалистика. Учеб. для вузов / [Н.А.Бурнашев, В.М.Быков, А.Ф.Волынский и др.]; Под ред.А.Г.Филиппова и А.Ф.Волынского.- М.: Изд-во "Спарк", 1998.
8. Криминалистика. Учеб. / Под ред. Р. С. Пантелеева, Н. А. Селиванова.- М.: Юрид. лит., 1984.

Қосымша әдебиеттер:

1. Аубакиров А.Ф. История становления криминалистических знаний в Казахстане. В сб. Научные труды Высшей школы «Әділет». Алматы, 1998г
2. Гинзбург А.Я., Белкин А.Р. Криминалистическая тактика. Учебник, Алматы, 1998г.
3. Гинзбург А.Я., Поврезнюк Г.И., Калинин А.В. Справочник следователя. Алматы, 1998г.
4. Гинзбург А.Я. Осмотр места происшествия. Освидетельствование. Алматы, 1997г.
5. Гинзбург А.Я. Опознание в следственной, оперативно-розыскной и экспертной практике. – М., 1996г.
6. Гинзбург А.Я., Поврезнюк Г.И., Салаев Б.А. Криминалистические методы и средства отождествления личности. Алматы, ТОО «Аян Эдет», 1998г.
7. Лавров В.П., Порубов В.П. “Альбом схем” ч.2 /1988 г.
8. Нургалиев Б.М., Лавров В.П. Криминалистическая тактика. Курс лекций. Караганда, 1999г.
9. Нургалиев Б.М., Кустов А.М. Проблемы борьбы с организованной преступной деятельностью. Курс лекций. Караганда, 1999г.
10. Попов В.И., Агушевич А.М., Мажитов Ш.М., Розенцвайг В.Е. и др. Тактические основы следственных действий. Учебное пособие, 5-й вып. Алматы, 1997г.
11. Шейфер С.А. Следственные действия. Система и процессуальная форма. Волгоград, 1981

12. Шурухнов Н.Г. Расследование незаконного изготовления, хранения, приобретения, перевозки и сбыта наркотических средств. Лекция, Академия МВД СССР, 1990г.

Білімді бақылау нысандары:

СӨЖ:

Аяққы емтихан: емтихандық сессия кезеңінде.

Жеке тапсырмалар:

СӨЖ дайындалу үшін материалдарды зерделеу кестесі

№	Тақырыптардың атауы және СӨЖ тапсырмаларының мазмұны	тапсыру мерзімі	бақылау нысаны және баллдар
1	<p>Тақырыбы: Сот фотографиясы. Кәсіби дағдыларды маман ретінде жүзеге асыру.</p> <p>Тапсырма: Сот фотографиясының әдістерін пайдаланып оқиға болған жерді панорамалық, масштабты әдістер арқылы бағдарлы, шолып, түйінді және детальды фото суретке түсіру. Тұлғаны сигналетикалық әдіспен түсіру. Фотосуреттерді басып шығару.</p> <p>Тапсырманың сипаттамасы: Криминалистік полигонда алдын ала ойластырылған фабула бойынша оқиға болған жерді қарау тергеу әрекетінің барысын фотоаппарат пен бейне жазбаға бекітіп алу. Суретке түсіру кезінде криминалистік фотосуреттің барлық жалпы және жеке әдістері қолданулары қажет. Студентке криминалист-маман ролінде кәсіби дағдыны жүзеге асыру міндеті жүктелген. Дайын фотосуреттерді оқиға болған жерді қарау хаттамасына қосымша ретінде альбомға бекіту.</p>	3 апта	Альбом толтыру 1 бал
2	<p>Тақырыбы: Трасология. Кәсіби дағдыларды маман ретінде жүзеге асыру.</p> <p>Тапсырма: Қол саусағының, аяқ киім іздерін оқиға болған жерде табу, анықтау, бекітудің әдістерін қолданып альбомға оқиға болған жерді қарау хаттамасының үзіндісі ретінде толтыру.</p> <p>Тапсырманың сипаттамасы: лабораториялық жағдайларда әртүрлі тегіс, құрғақ объектілерде қалдырылған қол саусағының папиллярлы іздерін дактилоскопиялық ұнтақ пен техникалық құралдардың көмегімен анықтап, тауып, дактилоскопиялық пленкаларға түсіріп алу. Топырақ немесе құм жерде қалдырылған аяқ киімнің ізін гипс ерітіндісінің көмегімен алу. Аяқ із жолының өлшемдерін алып схемасын сызып көрсету. Алынған пленкалар мен мәліметтерді оқиға болған жерді қарау хаттамасының үзіндісі ретінде</p>	4 апта	Альбом толтыру 1 бал

	сипаттау.		
3	<p>Тақырыбы: Баллистика. Кәсіби дағдыларды маман ретінде жүзеге асыру.</p> <p>Тапсырма: Ату құралы – сот баллистикасының зерттеу объектісі ретінде оқиға болған жерде объектілерді табу, бекіту және алу. Атыс қару-жарағының, оқ-дәрілердің сипаттамасын, патронның құрама бөлігі: гильза, капсюль, порох, тығын, оқ, бытыра және картечьтің сипаттамасын, ату іздерінің сипаттамасын альбомға оқиға болған жердің жерді қарау хаттамасының үзіндісі ретінде толтыру.</p>	5 апта	Альбом толтыру 1 бал
4	<p>Тақырыбы: Құжаттарды криминалистикалық әдістермен зерттеу. Кәсіби дағдыларды маман ретінде жүзеге асыру.</p> <p>Тапсырма: Студент алдын ала жазып дайындалған мәтіндегі қолжазбаның жалпы және жеке белгілерін анықтауы қажет. Зерттеу қолжазба мәтіні мен салыстырмалы үлгілермен жұмыс жүргізу. Жалған жасалған құжаттың сипаттамасын альбомға оқиға болған жерді қарау хаттамасының үзіндісі ретінде толтыру.</p>	6 апта	Альбом толтыру 1 бал
5	<p>Тақырыбы: Габитология. Кәсіби дағдыларды маман ретінде жүзеге асыру.</p> <p>Тапсырма: Сот фотографиясы бойынша түсірілген сигналитикалық фотосуреттен адамдың сыртқы бейне белгілерінің жүйесі: өзіндік және жалғаспалы белгілері бойынша сипаттамасын беру. Альбомға сигналитикалық фотосуреттің терминологияны дұрыс пайдаланып жазу.</p>	7 апта	Альбом толтыру 1 бал
6	<p>Тақырыбы: Криминалистикалық тіркеу. Кәсіби дағдыларды маман ретінде жүзеге асыру.</p> <p>Тапсырма: Дактилокартаны жасау және оның дактилоскопиялық формуласын шығару.</p> <p>Тапсырманың сипаттамасы: лабораториялық жағдайларда студенттер типографиялық бояғышты немесе арнайы дактобояғыштар мен құрал-жабдықтарды қолданып дактокартаға қол саусақтарының папиллярлы өрнектерін бастырып түсіріп алады.қол саусақтарының іздерін формула бойынша негізгі және қосымша формуласын есептейді.</p> <p>Қосымша есептер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дактилоскопиялық формуланың негізгі бөлігі бойынша оның негізін анықтаңыз: 78968 / 17329 2.Дактилоскопиялық формуланың негізгі бөлігі бойынша қай саусақта шеңбер тәріздес өрнектің бар екенін анықтаңыз. 15 / 17 3.Дактилоскопиялық формуланың қосымша бөлігі бойынша оның негізін анықтаңыз: 87349 / 15682 4.Дактилоскопиялық формуланың негізгі бөлігі 	7 апта	Альбом толтыру, есеп шығару. 1 бал

	<p>бойынша қай саусақта шеңбер тәріздес өрнектің бар екенін анықтаңыз. 9/11</p> <p>5.Дактилоскопиялық формуланың қосымша бөлігі бойынша оның негізін анықтаңыз:31785 / 91347</p> <p>6.Дактилоскопиялық формуланың негізгі бөлігі бойынша қай саусақта шеңбер тәріздес өрнектің бар екенін анықтаңыз: 27 / 19</p> <p>7.Дактилоскопиялық формуланың қосымша бөлігі бойынша оның негізін анықтаңыз:31645 / 82546</p> <p>8.Дактилоскопиялық формуланың негізгі бөлігі бойынша қай саусақта шеңбер тәріздес өрнектің бар екенін анықтаңыз: 16 / 4</p>		
7	<p>Тақырыбы: Оқиға болған жерді қарау тактикасы. Топтық жоба.</p> <p>Тапсырма: Топ студенттері оқиға болған жерді қарау тергеу әрекетін жүргізіп, техникалық құралдарды (фотоаппарат, бейне таспа) пайдалана отырып, нәтижелері бойынша хаттаманы дайындау.</p> <p>Тапсырманың сипаттамасы: Мәйіттің табылу фактісі бойынша ІІО-ның кезекші бөліміне келіп түскен хабарлама негізінде тергеуші оқиға болған жерді қарау тергеу әрекетін жүргізеді. Студент тергеушінің ролінде тергеу әрекетіне қатысты дайындық шараларын: тергеу тобын (студенттердің арасынан қатысушыларды анықтап іріктеу) құру, тергеу әрекетіне қатысушыларға инструктаж беру, техникалық жағынан қамтамасыз ету (тергеу чемоданы және т.б.); жұмыс кезеңінің ұйымдастыру: арнаулы криминалистік полигондарда жалпы және детальды қарауды жүргізу; тергеу әрекетінің нәтижесін бекіту (хаттама толтыру). Тергеушімен қатар «Мен криминалист-маманмын», «Мен жедел-іздестірушімін», «Мен сот медицина қызметкерімін» ролдері бөлінген. Әр студент алдын ала теориялық жағынан дайындалып (ҚІЖК, «Сараптамалық қызмет туралы заңның» баптарындағы көрсетілген құқықтары мен міндеттерін, өкілеттілігі мен құзыретімен танысып, криминалистік тактика бойынша оқиға болған жерді қарау тергеу әрекетінің тактикалық және психологиялық аспектілерін зерттеп) оқу тергеу әрекеті барысында өзіндік жеке тұлғалық тараптан көрсетіп қатысады.</p>	9 апта	хаттама толтыру 1 бал
8	<p>Тақырыбы: Тінту тактикасы.</p> <p>Тапсырма: Топ студенттері тінту тергеу әрекетін жүргізу барысын техникалық құралдарды (бейне таспа) пайдалана отырып түсіріп, нәтижелері бойынша хаттаманы дайындайды. Топтық жоба.</p> <p>Тапсырманың сипаттамасы: топ студенттерінің арасынан тінту тергеу әрекетін жүргізетін тергеуші тағайындалады. Студент тергеушінің ролінде тергеу</p>	10 апта	хаттама толтыру 1 бал

	<p>әрекетіне қатысты дайындық шараларын: тергеу тобын (студенттердің арасынан қатысушыларды анықтап іріктеу) құру, тергеу әрекетіне қатысушыларға инструктаж беру, техникалық жағынан қамтамасыз ету (тергеу чемоданы және т.б.); жұмыс кезеңі ұйымдастыру: арнаулы криминалистік полигондарда тінту жүргізу; тергеу әрекетінің нәтижесін бекіту (хаттама толтыру). Тергеушімен қатар «Мен криминалист-маманмын», «Мен жедел-ізвестірушімін», «Мен сезіктімін» ролдері бөлінген. Әр студент алдын ала теориялық жағынан дайындалып (ҚІЖК баптарындағы көрсетілген құқықтары мен міндеттерін, өкілеттілігі мен құзыретімен танысып, криминалистік тактика бойынша тінту тергеу әрекетінің тактикалық және психологиялық аспектілерін зерттеп) оқу тергеу әрекеті барысында өзіндік жеке тұлғалық тараптан көрсетіп қатысады.</p>		
9	<p>Тақырыбы: Жауап алу тактикасы. Тапсырма: Топ студенттері жауап алу тергеу әрекетін жүргізу барысын техникалық құралдарды (аудио, бейне таспа) пайдалана отырып түсіру арқылы нәтижелері бойынша хаттаманы дайындау. Жауап алуды диктофонға, бейне таспаға жазып, хаттама толтыру. Тапсырманың сипаттамасы: топ студенттерінің арасынан жауап алуды жүргізетін тергеуші тағайындалады. Студент тергеушінің ролінде тергеу әрекетіне қатысты дайындық шараларын жүргізеді: жауап алу пәнін анықтау, қойылатын сұрақтар шеңбері, дәлелдеме ретінде көрсететін айғақты заттар, жауап алудың жоспарын жазбаша құру, техникалық жағынан қамтамасыз ету (диктофон). Топтың арасынан жауап беруші тұлға ретінде (куә, жәбірленуші, сезікті, айыпталушы) студент таңдалынады. Жауап алудың барысы диктофонға жазылады. Ең соңында тергеу әрекетінің нәтижесі хаттама түрінде бекітіледі. Әр студент алдын ала теориялық жағынан дайындалып (ҚІЖК баптарындағы көрсетілген құқықтары мен міндеттерін, өкілеттілігі мен құзыретімен танысып, криминалистік тактика бойынша жауап алу тергеу әрекетінің тактикалық және психологиялық аспектілерін зерттеп) оқу тергеу әрекеті барысында өзіндік жеке тұлғалық тараптан көрсетіп қатысады.</p>	11 апта	Жауап алуды диктофонға жазып, хаттама толтыру. 1 бал
10	<p>Тергеу экспериментінің тактикасы Топ студенттері тергеу эксперименті тергеу әрекетін жүргізу барысын техникалық құралдарды (бейне таспа) пайдалана отырып түсіру арқылы нәтижелері бойынша хаттаманы дайындау.</p>	12 апта	Хаттама толтыру 1 бал
11	<p>Тану үшін көрсету тергеу әрекетінің тактикасы Топ студенттері тану үшін көрсету тергеу әрекетін</p>	13 апта	Хаттама толтыру

	жүргізу барысын техникалық құралдарды (бейне таспа) пайдалана отырып түсіру арқылы нәтижелері бойынша хаттаманы дайындау.		1 бал
12	Қылмыстың жекелеген түрлерін тергеу әдістемесі Қылмыстың жекелеген түрлерін тергеу әдістемесінің түсінігі және міндеттері. Қылмыстың жекелеген түрлерін тергеу әдістемесінің құрылымы.	14 апта	Реферат 1 бал
13	Тақырыбы:.. Есірткі мен психотропты заттардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстарды тергеу. Тапсырма: «Мен тергеушімін». Тапсырманың сипаттамасы: тергеуші ретінде тандалған студент осы санаттағы қылмысты тергеудің жоспарын құрып, тергеудің барысын анықтауы қажет. Студент алғашқы және кейінгі тергеу әрекеттерін жүргізу кезектілігін, типтік тергеу ситуациясын, тергеу болжауларын көрсете отырып тергеудің жобасын (жоспарын) презентация түрінде көрсетіп қорғайды. Ұсыныстар: студент алдын ала есірткі мен психотропты заттардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстардың криминалистік сипаттамасын теориялық жағынан оқып, тергеудің әдістемесін зерделеуі қажет. Қарастырылатын сұрақтар: қылмыстық қол сұғу затының ерекшеліктері, олардың Қазақстан Республикасының «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» туралы заңына сәйкес сипаттамасы. Есірткі мен психотроптық заттардың түрлері. Есірткі мен психотроптық заттардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар бойынша типтік тергеу ситуациялары және болжаулар. Тергеудің алғашқы және кейінгі кезеңдері.	14 апта	Презентация 1 бал
14	Ұйымдасқан қылмыстық қызметті тергеу ерекшеліктері Ұйымдасқан қылмыстық топпен жасалған қылмыстардың криминалистік сипаттамасы. Типтік болжаулар. Типтік тергеу ситуациялары. Алғашқы тергеу және жедел-іздістіру әрекеттері.	15 апта	Конспектіні тексеру 1 бал
15	Тергеуге қарсылық көрсету, оларды жою жолдары Қарсылық көрсетудің түсінігі, олардың формалары.	15 апта	Конспектіні тексеру 1 бал
№	Тақырыптардың атауы және СӨЖ тапсырмаларының мазмұны	тапсыру мерзімі	бақылау нысаны және баллдар
1	Сот фотографиясы Сот фотографиясының әдістерін қолданып оқиға болған жерді панорамалық, масштабты әдістерді	3 апта	Альбом толтыру 1 бал

	қолданып бағдарлы, шолып, түйінді және детальды фото суретке түсіру. Сигналетикалық әдіспен түсіру, шығару.		
2	Трасология Қол саусағының, аяқ іздерінің, бұзу құралдарының, көлік құралдарының іздерін оқиға болған жерде табу, анықтау, бекітудің әдістерін қолданып альбомға оқиға болған жерді қарау хаттамасының үзіндісі ретінде толтыру	4 апта	Альбом толтыру 1 бал
3	Баллистика Ату құралы – сот баллистикасының зерттеу объектісі. Оқиға болған жерде объектілерді табу, бекіту, алу. Атыс қару-жарағының, оқ-дәрілердің сипаттамасын, патронның құрама бөлігі: гильза, капсуль, порох, тығын, оқ, бытыра және картельдің сипаттамасын, ату іздерінің сипаттамасын альбомға оқиға болған жердің жерді қарау хаттамасының үзіндісі ретінде толтыру	5 апта	Альбом толтыру 1 бал
4	Құжаттарды криминалистикалық әдістермен зерттеу Қолжазба мәтіні бойынша жеке және жалпы белгілерін анықтау. Салыстырмалы үлгілермен жұмыс жүргізу. Жалған құжаттың сипаттамасын альбомға оқиға болған жерді қарау хаттамасының үзіндісі ретінде толтыру	6 апта	Альбом толтыру 1 бал
5	Габитология Сот фотографиясы бойынша түсірілген сигналетикалық фотосуреттен адамдың сыртқы бейне белгілерінің жүйесі: өзіндік және жалғаспалы белгілері бойынша ауызша сипаттау.	7 апта	Альбом толтыру 1 бал
6	Криминалистикалық тіркеу Қылмыстық тіркеудің түсінігі, оның мәселелері және түрлері, тіркеу органдары. Дактилокартаны жасау және оның дактилоскопиялық формуласын шығару. Есеп: 1. Дактилоскопиялық формуланың негізгі бөлігі бойынша оның негізін анықтаңыз: 78968 / 17329 2. Дактилоскопиялық формуланың негізгі бөлігі бойынша қай саусақта шеңбер тәріздес өрнектің бар екенін анықтаңыз. 15 / 17 3. Дактилоскопиялық формуланың қосымша бөлігі бойынша оның негізін анықтаңыз: 87349 / 15682 4. Дактилоскопиялық формуланың негізгі бөлігі бойынша қай саусақта шеңбер тәріздес өрнектің бар екенін анықтаңыз. 9/11 5. Дактилоскопиялық формуланың қосымша бөлігі бойынша оның негізін анықтаңыз: 31785 / 91347 6. Дактилоскопиялық формуланың негізгі бөлігі бойынша қай саусақта шеңбер тәріздес	7 апта	Альбом толтыру, есеп шығару. 1 бал

	өрнектің бар екенін анықтаңыз: 27 / 19 7. Дактилоскопиялық формуланың қосымша бөлігі бойынша оның негізін анықтаңыз: 31645 / 82546 8. Дактилоскопиялық формуланың негізгі бөлігі бойынша қай саусақта шеңбер тәріздес өрнектің бар екенін анықтаңыз: 16 / 4		
7	Оқиға болған жерді қарау тактикасы Топ студенттері оқиға болған жерді қарау тергеу әрекетін жүргізу барысын техникалық құралдарды (бейне таспа) пайдалана отырып түсіру арқылы нәтижелері бойынша хаттаманы дайындау.	9 апта	хаттама толтыру 1 бал
8	Тінту тактикасы Топ студенттері тінту тергеу әрекетін жүргізу барысын техникалық құралдарды (бейне таспа) пайдалана отырып түсіру арқылы нәтижелері бойынша хаттаманы дайындау.	10 апта	хаттама толтыру 1 бал
9	Жауап алу тактикасы Топ студенттері жауап алу тергеу әрекетін жүргізу барысын техникалық құралдарды (аудио, бейне таспа) пайдалана отырып түсіру арқылы нәтижелері бойынша хаттаманы дайындау.	11 апта	Жауап алуды диктофонға жазып, хаттама толтыру. 1 бал
10	Тергеу экспериментінің тактикасы Топ студенттері тергеу эксперименті тергеу әрекетін жүргізу барысын техникалық құралдарды (бейне таспа) пайдалана отырып түсіру арқылы нәтижелері бойынша хаттаманы дайындау.	12 апта	Хаттама толтыру 1 бал
11	Тану үшін көрсету тергеу әрекетінің тактикасы Топ студенттері тану үшін көрсету тергеу әрекетін жүргізу барысын техникалық құралдарды (бейне таспа) пайдалана отырып түсіру арқылы нәтижелері бойынша хаттаманы дайындау.	13 апта	Хаттама толтыру 1 бал
12	Қылмыстың жекелеген түрлерін тергеу әдістемесі Қылмыстың жекелеген түрлерін тергеу әдістемесінің түсінігі және міндеттері. Қылмыстың жекелеген түрлерін тергеу әдістемесінің құрылымы.	14 апта	Реферат 1 бал
13	Есірткі мен психотропты заттардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстарды тергеу. Есірткі мен психотропты заттардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстардың криминалистік сипаттамасы. Қылмыстық қол сұғу затының ерекшеліктері, олардың Қазақстан Республикасының «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» туралы заңына сәйкес сипаттамасы. Есірткі мен психотроптық заттардың түрлері. Есірткі мен психотроптық заттардың заңсыз айналымымен	14 апта	Реферат 1 бал

	байланысты қылмыстар бойынша типтік тергеу ситуациялары және тергеудің алғашқы кезеңі.		
14	Ұйымдасқан қылмыстық қызметті тергеу ерекшеліктері Ұйымдасқан қылмыстық топпен жасалған қылмыстардың криминалистік сипаттамасы. Типтік болжаулар. Типтік тергеу ситуациялары. Алғашқы тергеу және жедел-іздігіру әрекеттері.	15 апта	Конспектіні тексеру 1 бал
15	Тергеуге қарсылық көрсету, оларды жою жолдары Қарсылық көрсетудің түсінігі, олардың формалары.	15 апта	Конспектіні тексеру 1 бал

СӨЖ тапсырмаларын өткізудің мерзімдері

СӨЖ ӨТКІЗУДІҢ КЕСТЕСІ

Апталар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
СӨЖ №			1	2	3	4	5,6		7	8	9	10	11	12,13	14,15
Баллдардың саны			1	1	1	1	2		1	1	1	1	1	2	2

СОӨЖ дайындалу үшін материалдарды зерделеу кестесі

№	Тақырыптардың атауы және СОӨЖ тапсырмаларының мазмұны	тапсыру мерзімі	бақылау нысаны және баллдар
1	Идентификация мен диагностика Идентификацияның түсінігі, ғылыми негізі, маңызы, түрлері, объектілері. Диагностиканың түсінігі, объектілері, маңызы.	3 апта	Конспект 3 бал
2	Суық қарутану мен жарылғыштану Суық қарутанудың түсінігі, түрлері. Жарылғыштанудың түсінігі, түрлері.	5 апта	Конспект 3 бал
3	Дәстүрлі емес криминалистикалық техниканың бағыттары Заттар, бұйымдар мен материалдарды криминалистикалық зерттеу. Криминалистикалық одорология. Бейнефонографиялық зерттеу.	7 апта	Сұрақтарды ауызша талқылау 3 бал
4	Криминалистикалық тактиканың жалпы ережелері Тактикалық әдіс. Тактикалық комбинация. Тактикалық операция. Тергеу ситуациясы. Тактикалық шешім.	9 апта	Конспект 3 бал
5	Салыстырмалы үлгілерді алу тактикасы Салыстырмалы үлгілердің түсінігі, түрлері. Салыстырмалы үлгілерді алудың ережелері. Салыстырмалы үлгілерді алу нәтижесін бекіту.	11 апта	Хаттама толтыру 3 бал
6	Криминалистикалық болжаулар және тергеуді жоспарлау Криминалистикалық болжаулар.	13 апта	Жазбаша тергеу жоспарын

	Тергеуді жоспарлау.		құрастыру 3 бал
7	Экологиялық қылмыстарды тергеу. Экологиялық қылмыстардың криминалистік сипаттамасы. Қылмыстық қол сұғу затының ерекшеліктері. Экологиялық қылмыстар бойынша типтік тергеу ситуациялары және тергеудің алғашқы кезеңі.	15 апта	Реферат 3 бал

СӨЖ тапсырмаларын өткізудің мерзімдері
СӨЖ ӨТКІЗУДІҢ КЕСТЕСІ

Апталар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
СӨЖ №			1		2		3		4		5		6		7
Баллдардың саны			3		3		3		3		3		3		3

Қорытынды емтихан

Аралық бақылау (7 апта) алдыңғы дәріс және семинар сабақтарында зерделенген теориялық және тәжірибелік сұрақтар бойынша өткізіледі.

Студенттердің білімін бағалау шкаласы:

Әріп жүйесі бойынша бағалау	Балдардың сандық баламасы	%-тік мазмұны	Оценка по традиционной системе
A	4,0	95-100	Үздік
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанғысыз
I (Incomplete)	-	-	"Пән аяқталмады" (ГРА шығарғанда есептелмейді)
P (Pass)	-	-	"Сынақ " (ГРА шығарғанда есептелмейді)
NP (No Pass)	-	-	"Сынақтан өтпеді" (ГРА шығарғанда есептелмейді)
W (Withdrawal)	-	-	"Пәннен бас тарту" (ГРА шығарғанда есептелмейді)
AW (Academic Withdrawal)	-	-	"Академиялық себептермен пәнді алып тастау" (ГРА шығарғанда есептелмейді)
AU (Audit)	-	-	"Пән тыңдалды" (ГРА шығарғанда

			есептелмейді)
Атт. өтті	-	30-60 50-100	"Атт. өтті" (ГРА шығарғанда есептелмейді)
Атт. өтпеген	-	0-29 0-49	"Атт. өтпеген" (ГРА шығарғанда есептелмейді)
R (Retake)	-	-	"Повторное изучение дисциплины" (ГРА шығарғанда есептелмейді)

Баға қою саясаты:

Пәнді оқып үйрену өткен тақырыптардың барлығын қамтитын тест, ауызша немесе жазбаша нысанында емтихан қабылдаумен аяқталады. Емтиханға жіберу үшін міндетті шарт бағдарламада қарастырылған барлық тапсырмаларды орындау болып табылады. Дәрістік курстың тақырыптары бойынша жазбаша жұмыстар, СӨЖ шеңберінде қылмыстық құқықтың өзекті проблемалары бойынша сөз жарысы жоспарланған.

Қорытынды баға қою кезінде ағымдағы бақылаудың нәтижелері бойына балдар ескеріледі.

№	Жұмыс түрлері	Баға (max балл)	Саны	Соммасы
1	Дәрістік сабақтар	-	-	-
2	Семинарлық сабақтар	1	15	15
3	СӨЖ	1	15	15
4	СОӨЖ	3	7	21
5	АБ 1	4	1	4
6	АБ 2	5	1	5
7	Конспектiлердi тексеру	-	-	-
8	Тестiлеу	-	-	-
9	Емтихан			40
	Барлығы			100

Ағымдағы бақылау нәтижелері емтиханға жіберу үшін негіз болып табылады.

Егер студент ағымдағы бақылау нәтижелері бойынша пән бойынша ең жоғарғы балдың жартысынан төмен (60 %) бал жинаса емтиханға жіберілмейді.

Курстың саясаты және процедурасы

Студенттің міндетіне кіреді: сабаққа күнделікті қатысу, пән бойына тапсырмаларды тапсыру кестесінің талаптарын орындау, әдебиеттермен өзіндік жұмыс жүргізу.

Мезгілінде және толық түрде тапсырмаларды орындаған жағдайда әрбір жұмыс үшін ең жоғары балл қойылуы мүмкін. Аяқталмаған жазбаша жұмыстар саналмайды.

Көтермелеу балдары: 3 балл –

- шығармашылығы үшін;
- оқу процесіне белсенді қатысқаны үшін;
- әртүрлі дереккөздерін пайдаланғаны үшін.

Айып балдары: жалпы санынан 3 балл алынады:

- материалдарды уақытында бермегені үшін;
- жұмысты сапасыз орындау;
- сабақты жіберу;
- сабаққа кешігіп келу.

Студенттің жеке қатысуынсыз қорытынды бақылау жүргізілмейді.

Студент міндетті:

- сабаққа қатысуға;
- сабаққа кешікпеуге;

- СӨЖ орындаған кезде топтың жұмысына және дәрістер мен семинарлық сабақтарға белсенді қатысуға;
- орындаушы болуға
- сабаққа жүйелі түрде дайындалуға
- СӨЖ кестесінде көрсетілген мерзімде тапсырмаларды орындауға;
- негізгі және қосыма әдебиеттерді зерделеуге,
- белгілі бір құқықтық мәселелерін шешкен кезде Жедел іздестіру қызметі заңын және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын талдауға және қолдануға;
- шыдамды, сұхбаттасуға ашық болуға;
- қайтарымды байланыс ұстауға;
- ойлау процесінде өз бетішне болуға ұмытылуға;
- мәні бойынша сөйлеуді үйренуге.

Көмек: өзіндік жұмыстарды орындауға байланысты (СӨЖ) кеңестер алу, оларды тапсыру және қорғау, сондай-ақ өткен материал бойынша және курсқа байланысты басқа да сұрақтармен офис-сағаттар көрсетілген мерзімде оқытушыға жолығуларыңызға болады.

Кафедра мәжілісінде қаралған
Хаттама № «___» _____ 2012 жылғы

Кафедра меңгерушісі:
з.ғ.д., профессор

Джансараева Р.Е.

Лектор:
з.ғ.к., доцент

Атаханова Г.М.

